Tiens



«Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС

СЕРІКТЕСІНІҢ **БИЗНЕС-КОДЕКСІ**

«TIENS-ҚАЗАҚСТАН» (ТИЕНС-ҚАЗАҚСТАН) ЖШС **СЕРІКТЕСТІГІНІҢ** БИЗНЕС-КОДЕКСІ

► Осы Бизнес-кодекс серіктестер қызметінің тәртібін қолдау, сонымен қатар олардың нарықтағы мүдделерін қорғау мақсатында құрылған. Әрбір серіктес бұл құжатпен мұқият танысып шығуы тиіс. Бұл Бизнес-кодекстің ережелерін сақтамау серіктес мәртебесінен және сыйақы алу мүмкіндігінен айырылуға, сонымен қатар, басқа да жеңілдіктерден айырылуға алып келуі мүмкін. Осы Бизнес-кодекс 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. «Tiens-Қазақстан» ЖШС (Тиенс-Қазақстан) оған толықтырулар мен өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

1 ТЕРМИНДЕРДІҢ АНЫҚТАМАСЫ

«Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС серіктестірінің қол қойған шарттарында, сонымен қатар Компанияның барлық баспалық және басқа да (соның ішінде Компанияның ақпараттық ресурстарында орналастырылған электронды) материалдарында, егер тек басқа түсіндірмесі болмаса, төменде келтірілген терминдер келесі түрде түсіндірілетін болады:

«Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС/Компаниясы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, филиалдары бар (егер қолданылатын болса) заңды тұлға.

«Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-нің бас компаниясы – «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-нің бас кеңсесі.

«Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-нің серіктесі – «Тяньши» өнімін жылжыту бойынша қызмет көрсетуге, «Тяньши» өнімін жеке басының қолдануы үшін сатып алуға құқылы, және «Тяньши» өнімін сатуына тыйым салынған, қолданыстағы тіркелген жеке сәйкестендіру нөмірі (ID-нөмір) бар тәуелсіз серіктес/клиент/сатып алушы.

Тәлімгер – Басқа тұлғаға «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесіне қатысуға және серіктесі болуға ұсыныс беретін, сонымен қатар оған ақпараттық қолдауды қамтамасыз ететін кез келген серіктес.

ТЯНЬШИ
КОМПАНИЯСЫНА ҚОШ КЕЛДІҢІЗ

Серіктес мәртебесі (дәрежесі) – «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) серіктестігінің Маркетинг-жоспарымен анықталатын даму дәрежесі: 3 тен 8 жұлдызға дейінгі, және барлық құрмет атақтар.

Серіктес құрылымы – серіктестің және өзінің құрылымындағы басқа қатысушылар арқылы тартылған барлық тұтынушылардың жиынтығы.

Өкілетті агент – «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС өнімін сыйақы үшін бөлшектеп сату қызметін көрсету шарты жасалған, заңды тұлға құрған және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын серіктес

«Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС серіктесінің Маркетинг-жоспары (бұдан былай – Маркетинг-жоспар) – «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-де қолданылатын серіктестердің сыйақы және ынталандыру жүйесін, жаңа серіктестерді тарту тәртібін, серіктестердің мәртебесін, құқықтары мен міндеттерін қамтитын ресми құжат. «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС кез келген сәтте оған толықтырулар мен өзгертулер енгізуге құқылы.

«Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС серіктестігінің Бизнес-кодексі – «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС серіктестігінің Бизнес-кодексі (бұдан былай – Бизнес-кодекс) – серіктестерінің бизнес жүргізу ережелері мен нормаларының жиыны. Бизнес-кодекстің ережелерін барлық серіктестерінің, соның ішінде өкілетті агенттердің орындауы міндетті болып табылады.

«Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесі – тіркелген серіктестің Маркетинг-жоспарға және осы Бизнес-кодекске сәйкес жүргізетін қызметі.

Бастапқы жиын – серіктес ретінде қызмет көрсетуді жүзеге асыруға қажетті ақпарат пен материалдардан тұратын жиын.

«Тяньши» өнімі – «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бөлшектеп сататын тауарлар мен оған қоса берілетін баспалық, аудио- және бейнематериалдар.

Жеңілдік – серіктестің сатып алуды жүзеге асыру кезінде Прайс-парақ бойынша өнімнің сату бағасының төмендеу сомасы.

«Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-нің интернет-ресурстары мен ақпараттық ресурстары – Компанияның ресми сайты, мобильді қосымшалары және Компанияның серіктестерге ресми ретінде жіберген басқа да кез келген интернет, ақпараттық ресурстары.

СЕРІКТЕС МӘРТЕБЕСІ

2

2.1. СЕРІКТЕС МӘРТЕБЕСІН АЛУҒА АРНАЛҒАН ШАРТ (БҰДАН БЫЛАЙ-ШАРТ) ЖАСАУ:

2.1.1. 18 жас және одан жоғары жас шамасындағы кез келген тұлға Бастапқы жиынды сатып ала отырып, бұрын тіркелген серіктестің ұсынысы негізінде Шарт жасауға құқылы.

Серіктес өнім тұтынушысы болуға, басқа адамдарға «Тяньши» өнімі мен Компания ұсынатын бизнес-мүмкіндіктерді ұсынуға және Маркетинг-жоспарға сәйкес өнімге берілген жеңілдіктерді алуға құқылы.

2.1.2. ҚР заңнамасына сәйкес серіктестік қызметпен айналысу құқығы жоқ тұлғалар, сонымен қатар бас бостандығынан айырылған тұлғалар серіктес бола алмайды.

2.1.3. «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-нің штаттық қызметкерлерінің және/немесе олардың тікелей туыстарының (зайыбы, ата аналары және балалары) серіктес болуға құқығы жоқ.

2.1.4. Бизнес-Кодекстің 2.1.1, 2.1.2, 2.1.3 тармақтарына сәйкес келмейтін тұлғалар бұл сәйкессіздік табылған сәттен бастап, серіктес мәртебесінен автоматты түрде айырылады.

2.1.5. Тіркелген тұлға серіктес мәртебесін алады, және оған жеке сәйкестендіру нөмірі (ID-нөмір) тағайындалады.

2.1.6. Серіктестің басқа тікелей сату бизнесі компанияларының серіктесі болуына және олардың қызметіне қатысуына құқығы жоқ. Бұзу фактілері анықталған жағдайда Компания берілген ID-нөмірін жоюға және/немесе Компанияның ережелеріне сәйкес басқа жауапқа тарту шараларын қолдануға құқылы. Бұл тармақты бұзу Шартты тұтастай елеулі түрде бұзу болып табылады.

2.1.7. Компания Шарт жасау ниетін білдірген немесе Компанияның интернет-ресурстарында серіктес ретінде тіркелуді қалайтын кез келген тұлғаны серіктес қатарына қабылдауға немесе себебін түсіндірместен бас тартуға құқылы.

2.1.8. Серіктес шартының қолданыс мерзімі және оның ұзартылуы:

2.1.8.1. Серіктес шартының қолданыс мерзімі – анықталмаған. Серіктес шарты онда көрсетілген басқа жағдайлардан бөлек, егер серіктес бірде бір сатып алу жасамаған болса, шарт, жасаған күннен бастап 11 күнтізбелік айдан кейін тоқтатылады.

2.1.8.2. Шартты ұзартуға қажетті шарттарды серіктес оның қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін орындауы тиіс. Кері жағдайда, Шарт ID-нөмірі жойыла отырып, автоматты түрде күшін жояды.

2.1.8.3. Егер серіктес Шарттың қолданылуы кезінде осы Кодексті немесе Компанияның басқа ережелерін бұзатын болса, Компания Шартты ұзартудан бас тартуға құқылы.

2.1.9. Бір серіктес 3-тен (үштен) көп емес ID-нөмірлер тіркеле алады, бұл ретте барлық кезекті нөмірлер тек жеке серіктестік құрылымға тіркеле алады. Серіктеске параллель құрылымдарға (яғни, серіктестеріне оның тікелей немесе жоғары тұрған тәлімгер болып табылмайтын құрылымдарға) ID-нөмірлерді тіркеуге қатаң тыйым салынады.

2.2. ШАРТ ЖАСАУ ПРОЦЕДУРАЛАРЫ

2.2.1. Серіктес болу үшін тіркелген серіктестің ұсынысын алу керек.

2.2.2. Өтініш беруші Компанияның ресми қосымшасындағы Интернет-дүкенінің ресми сайтынан Бастапқы жиын сатып ала отырып, Компанияның ресми сайтында немесе ресми қосымшасында жеке кабинетке тіркелу кезінде, Бизнес-Кодекстің және, сонымен қоса Компанияның интернет-ресурстарында орналастырылған басқа да қоса берілетін құжаттардың барлық шарттарымен келісетіндігін растайды.

2.2.3. Шартты қағаз нұсқасында жасаған жағдайда, өтініш беруші Серіктестің Компаниямен шарттық өзара әрекеттестігі аясында рәсімделетін барлық құжаттарын уақытында рәсімдеуге, қол қоюға, Компанияға беруге міндетті. Шартты қарастырып, қол қойғаннан кейін өтініш берушіге серіктес мәртебесі және ID-нөмірі беріледі.

2.2.4. Өтініш беруші дұрыс және өзекті ақпарат беруге кепілдік береді. Серіктес мәртебесін алу үшін жеке деректерді ауыстыруға, өзге біреудің жеке деректерін қолдануға немесе басқа да заңсыз тәсілдерді қолдануға жол берілмейді. Өтініш беруші күмәнді немесе талапқа сай емес ақпарат беріп, серіктес мәртебесін алып қойғаннан кейін, Компания жағдайды анықтаған бойда, бірден күмәнді ақпаратты жою бойынша тиісті шаралар қолдануға құылы, соның ішінде тиісті серіктестің ID-нөмірін жоя отырып, серіктес мәртебесінен айыруға құқығы бар.

2.3. СЕРІКТЕС МӘРТЕБЕСІН ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАРҒА БЕРУ.

2.3.1. Серіктес мәртебесін алуға өтініш беру кезінде (ерлі-зайыптылардың ресми рәсімделген неке қатынастары болған жағдайда):

2.3.1.1. Серіктестер болуға ниет білдірген ерлі-зайыптылар бір Өтініш/Шарт толтыруына болады, оған қол қойып, бір ID-нөмір алуына болады. Ерлі-зайыптылардың біреуі Бизнес-Кодексті бұзған жағдайда, екіншісі онымен бірдей жауапкершілікке тартылады.

2.3.1.2. Ерлі-зайыптылардың біреуі серіктес болып, ал екіншісі онымен бірге бір ID-нөмірді қолданып, Компанияның бизнесімен айналысқысы келсе, онда ол бұған екінші зайыбының жазбаша келісімін алуы және бұл жайында Компанияға жазбаша өтініш беруі тиіс. Өтініш/Шарт қарастырылғаннан кейін ол серіктес болады.

2.3.1.3. Егер ерлі-зайыптылардың әрқайсысы «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесімен жеке ID-нөмірді қолданып айналысқысы келсе, олар тікелей бағынушылық қатынасында болуы тиіс.

2.3.2. Екі серіктестің некеге тұруы жағдайында олар бұрынғы ID-нөмірлерін сақтап, «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесімен жеке тәртіпте айналыса берулеріне болады. Ол жағдайда егер де ерлі-зайыптылардың біреуі бұрынғы ID-нөмірінен бас тартатын болса, ол ерінің (әйелінің) ID-нөміріне өте алады.

2.3.3. Ортақ ID-нөміріне ие ерлі-зайыптылар ажырасқан жағдайда, олардың мәртебесіне байланысты мәселелерді шешкен кезде, келесі ережелерді сақтау қажет:

2.3.3.1. Егер ерлі-зайыптылар өзара келісімге қол жеткізсе: олардың біреуі бұрынғы ID-нөмірін сақтай алады, ал бұрынғы ерінің (әйелі) серіктестің ID-нөмірін алуға жаңа Өтініш бере алады.

2.3.3.2. Егер ерлі-зайыптылар өзара келісімге қол жеткізе алмаған болса, онда Компания өтініш және берілген өтінішке қоса берілген басқа да құжаттар негізінде берілген ID-нөмір бойынша екі тарап келісімге келмейінше, берілген сыйақы төлеуді уақытша тоқтатады.

2.3.4. Ерлі-зайыптылардың ортақ ID-нөмірді электронды байланыс құралдары арқылы алуы мүмкін болмаған жағдайда, ортақ ID-нөмірді алу Компанияға барып қағаз нұсқа арқылы жүргізіледі.

2.4. СЕРІКТЕС МӘРТЕБЕСІН МҰРАЛАНУ ЖӘНЕ ҰЗАРТУ

2.4.1. Егер серіктестің ID-нөмірін ерлі-зайыптылар бірге қолданса, олардың біреуі қайтыс болған жағдайда, артында қалған зайыбы серіктестің ID-нөмірінің шын иегері болып қала береді және қайтыс болған зайыбының құқықтары мен міндеттерін өз мойнына алады.

2.4.2. Егер де ерлі-зайыптылардың әрқайсысының өзінің жеке ID-нөмірі болған болса, келесі мұралану тәртібі қолданылады. Егер қайтыс болған серіктестің заңды немесе тағайындалған мұрагері (бұрын серіктестің ID-нөмірі болмаған) бар болса, онда мұрагер Компанияға қайтыс болған серіктестің ID-нөмірін алу туралы өтінішпен жүгінуі тиіс. Компанияның өз шешімі бойынша мұрагерге ID-нөмірді беруден және Шарт жасаудан бас тартуға құқығы бар.

2.4.3. Егер қайтыс болған серіктестің заңды немесе тағайындалған мұрагері (бұрын серіктестің ID-нөмірі болмаған) бар болса, онда оның Компанияға қайтыс болған серіктестің ID-нөмірін оған беру жөнінде шешім қабылдау туралы өтінішпен жүгінуіне болады.

2.4.4. Егер серіктестің өлімінен кейін 6 ай ішінде заңды немесе тағайындалған мұрагері жарияланбаса, немесе заңды немесе тағайындалған мұрагері серіктестің ID-нөмірінен бас тартатын болса, онда Компания берілген мәртебені бизнестен шығып қалған ретінде қарастырады. Егер серіктестің мәртебесі 6* және одан төмен болған болса, онда оның ID-нөмірі жойылады, құрылым қысылады. Егер серіктестің мәртебесі 7* және одан жоғары болған болса, онда оның ID-нөмірі құрылымда қалады, бірақ біреуге тиесілі болмайды.

2.4.5. Серіктестік қызметті жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылған жағдайда, немесе зейнеткерлік жасқа жеткен жағдайда Компания, егер тиісті серіктес бәсекелес Компанияда қызметін жүзеге асырмау шартында, бірінші қатардағы туысқандарының (зайыбы, балалары, бауырлары, қарындастары) ішінен таңдалған мұрагерге ID-нөмір беруге рұқсат береді. Компанияның өз шешімі бойынша тиісті мұрагерге ID-нөмірді беруде және Шарт жасауда қабылдауға/бас тартуға құқығы бар. Егер мұрагердің серіктестің ID-нөмірі бар болған болса, онда ол Компанияға екінші ID-нөмір алу туралы өтінішімен жүгіне алады.

2.4.6. Серіктестің ID-нөмірі Тараптардың келісімімен басқа тұлғаға берілуі мүмкін.

2.5. СЕРІКТЕС МӘРТЕБЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЙТАДАН ШАРТ ЖАСАУ.

2.5.1. Серіктес мәртебесінен айыру Компанияның серіктеске кез келген хабарлау құралдары арқылы, соның ішінде Компанияның интернет-ресурстартарындағы жеке кабинет арқылы хабарлаған (Шартты тіркеу кезінде көрсетілген мекен жайы бойынша) күнннен, немесе ақпаратты kz.tiens.com сайтындағы/Компанияның ресми қосымшасындағы «Тяньши» Қазақстан электронды журналына немесе Компанияның кез келген ресми ақпараттық ресурсына жариялаған сәттен бастап, берілген серіктеспен шарттық қатынастарын тоқтатуын білдіреді. Бұл ретте, мұндай біртіндеп шарттық қатынастарды бұзу тек Шартпен, Бизнес-Кодекспен, Маркетинг қызметін көрсету келесім-шартымен және басқа да Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қоса берілетін құжаттармен анықталатын жағдайларда ғана орын алады. Өтініштi/Шартты бұзған соң серіктес ID-нөмірінен айырылады, сонымен қатар құқықтарынан, соның ішінде сыйақы алу құқығынан айырылады.

2.5.2. Егер серіктес (серіктес мәртебесіндегі ерлі-зайыптылардың біреуін қоса алғанда) төменде келтірілген бұзушылықтардың біреуіне жол берсе, Компания оған бұларды түзету жөнінде (kz.tiens.com сайтындағы/Компанияның ресми қосымшасындағы «Тяньши» Қазақстан электронды журналына немесе Компанияның басқа ресми интернет-ресурсына ақпарат жариялай отырып), жазбаша хабарлама жіберуі және оған өз шешімі бойынша, соның біреуі серіктес мәртебесінен айыру болып табылатын шаралар қолдануы мүмкін:

2.5.2.1 Серіктес «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-мен Шарт жасағанда жалған мәліметтер берді (соның ішінде серіктестің өзінің қолы қойылмаған).

2.5.2.2. Серіктес Бизнес-кодекстің ережелерін бұзған.

2.5.2.3. Серіктес Бизнес-кодексті бұзуға жол берді, себебі елеусіз болғанымен, алайда бұзушылықтар «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-нің хабарламасында белгіленген мерзімде түзетілмеді.

2.5.2.4. Серіктес бас бостандығынан айырылуға сотталды.

2.5.3. Серіктес мәртебесінен айыру берілген серіктестің жеке серіктестік құрылымындағы өзінің орнын, соның ішінде ID-нөмірін және сыйақысын жоғалтатындығын білдіреді.

2.5.4. Тиісті серіктеспен Шартты бұзу кезінде мұндай серіктестің ID-нөмірі құрылымда қалады, бірақ біреуге тиесілі болмайды.

2.5.5. Шартты бұзу бойынша өтініш арқылы өз еркімен өзінің мәртебесінен бас тартқан серіктес, кемінде 6 (алты) айдан кейін ғана қайтадан Шарт жасай алады.

2.5.6. Егер Компания серіктесті мәртебесінен айырған жағдайда, қайтадан Шарт жасау кемінде 12 (он екі) айдан кейін ғана мүмкін болады.

2.5.7 Серіктес тарапынан Бизнес-кодекстің және Компаниямен жасаған кез келген шарттарының қандай да бір талаптарын орындамау, тиісті шартты және Бизнес-кодексті елеулі түрде бұзу болып табылады.

СЕРІКТЕСТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3

3.1. СЕРІКТЕСТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ:

3.1.1. «Тяньши» өнімін сатып алу және қолдану.

3.1.2. Маркетинг-жоспардың ережелеріне сәйкес жеңілдік алу.

3.1.3. Маркетинг-жоспармен және басқа ынталандыру бағдарламаларымен көзделген сыйақылар мен басқа да сыйлықтарды алу.

3.1.4. Адамдарға «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесіне қатысуға ұсыныс беру.

3.1.5. «Tiens-Қазақстанның» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС іс-шараларына қатысу.

3.1.6. Маркетинг-жоспарға сәйкес «Tiens-Қазақстанның» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС басқа да мүмкіндіктерін пайдалану.

3.1.7. Осы Бизнес-Кодекске сәйкес белгіленген тәртіпте Компанияға наразылық білдіру (4.3-т.).

3.2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢДАРЫН ОРЫНДАУ

Серіктес Қазақстан Республикасының заңнамасын орындауға, соның ішінде салықтар мен алымдарды өз бетінше төлеуге міндетті. Серіктес Қазақстан Республикасының заңнамасы тұрғысынан алаяқтық немесе заңсыз деп саналатын қандай да бір қызметпен айналыспауы, сонымен қатар Компанияның беделіне нұсқан келтіретін кез келген шараларға немесе осындай басқа шараларға қатыспауы тиіс.

3.3. «TIENS-ҚАЗАҚСТАН» (ТИЕНС-ҚАЗАҚСТАН) ЖШС БИЗНЕСІН ЖҮРГІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

3.3.1. Серіктес, «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС ұсынатын бизнесті жүргізу мүмкіндіктерін пайдалана отырып, берілген Компанияның штаттық қызметкері болып табылмайды. Ол өзінің серіктес мәртебесін нақты белгілеуге міндетті. Серіктес Бизнес-кодекстің ережелерін, Маркетинг-жоспарды және басқа да Компанияның белгілеген ережелерін, тәртіптерін орындауы тиіс.

3.3.2 Серіктес, Шарт жасай отырып, «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-нің қызметкері, өкілі болып табылмайтындығын, Компаниямен агенттік өзара қарым қатынасы жоқтығын және Шарт талаптарында оның барлық қызметіне қатысты тәуелсіз шарт жасасқан тарап ретінде әрекет ететіндігін, сонымен қатар Компанияның ғимаратын өзінің меншікті кеңсесі ретінде көрсетуге құқылы еместігін растайды.

3.3.3. Серіктестерге «Тяньши» өнімін экспорттауға немесе импорттауға, ҚР-на немесе одан кезекті импорт/экспорт үшін басқа тұлғаларға сатуға, тауарды басқа елден алып келуге, сонымен қатар Компаниядан тиісті қоса берілетін құжаттар алмастан, онлайн-сатуды қоса алғанда, қандай да бір басқа елге, соның ішінде Кедендік одақ елдеріне «Тяньши» өнімін шығаруға қатаң тыйым салынады. Импорттауға,

тіркеуге және таңбалауға тиісті лицензиясыз бизнесті жылжыту бойынша өнімдер мен материалдарды елге әкелу серіктестің, Компанияның айыппұлдар төлеуіне, қылмыстық жауапкершілікке немесе осы өнімдер мен материалдарды тәркілеуге әкеп соғуы мүмкін.

3.3.4. Серіктестерге Компаниямен Шарт жасасқан және Шарт негізінде қызметін жүргізетін тәуелсіз серіктес емес, Компанияның қызметкері болып табылатын серіктес деген ойға қалдыратын тәсілде көрінуіне немесе әрекет етуіне қатаң тыйым салынады.

3.4. САТЫП АЛУ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫНА КЕПІЛДІК.

3.4.1. Серіктес өнімге тікелей уәкілетті агенттерден, сонымен қатар Компанияның ресми сайты және/немесе ресми қосымшасы арқылы тапсырыс беруі тиіс.

3.4.2. Өкілетті агент «Тяньши» өнімін бөлшектеп сату кезінде, серіктестер Компанияның Прайс-парақтарында белгіленген бағаларды қолдануға міндетті. Өз бетінше қосымша бағаны өсіруге, төмендетуге, бағаны өзгертуге немесе бағаға қатысты басқа да тиісті емес әрекеттерді жасауға, кез келген бөлшектік сауда нүктелерінде Компанияның тауарлары мен қызметтерін, ресми әдебиеттерін сатуға қоюға, маркетингті жүзеге асыруға рұқсат берілмейді;

Серіктестік қызметті бөлшектік дүкендер, жәрмеңкелер, көрмелер, дүңгіршектер, сауда нүктелері, базарлар, аукциондар немесе басты мақсаты тауарлар мен қызметтерді көпшілік халыққа сату болып табылатын тәрізді бөлшектік сауда нүктелерінде немесе оларға тиесілі аумақтарда, соның ішінде Компаниядан ресми рұқсат алмай, интернет-ресурстарда, ақпараттық-жарнамалық сауда алаңдарында, әлеуметтік желілерде жүзеге асыруға рұқсат берілмейді;

3.4.3. «Тяньши» өнімін демонстрациялау кезінде, сонымен қатар тұтынушыларды өнімнің қасиеттерімен, қолданылу тәсілдерімен және қарсы көрсетілімдерімен таныстыру кезінде серіктестер тек «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС берген және қаптамада көрсетілген ақпаратты қолдануға міндетті.

3.4.4. Бизнес-Кодекстің 3.4.1–3.4.5.-тармақтарында көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда серіктес Компанияның, соның ішінде осы Бизнес-кодекспен көзделген ережелеріне сәйкес жауапты болады.

3.4.5 Серіктес өзінің серіктестік қызметін жүзеге асыру кезінде Бизнес-кодекстің ережелеріне, соның ішінде Бизнес-кодекстің 3.4.2., 3.8.3. тармақтарына сәйкес, бірақ онымен шектелмей, онлайн жылжыту тәсілдерін қолдануға құқылы. Бұл ретте, серіктес онлайн жылжытуға қатысты Компанияның басқа да ережелерін сақтауға міндеттенеді.

3.5. СЕРІКТЕС ҚОСАЛҚЫ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІН ҚАТАҢ САҚТАУЫ ТИІС.

3.5.1. Компанияның жариялаған баспасөз басылымдары, аудио-, бейне- және басқа материалдары Компанияның меншігі болып табылады. Серіктестер мен басқа тұлғалардың Компанияның жазбаша келісімінсіз материалдарды жасап шығаруға, таратуға, қайта басып шығаруға немесе көшірмесін алуға құқығы жоқ. Кері жағдайда берілген материалдарды қолдануға рұқсат етілмеуіне байланысты Компания ешқандай заңды жауапкершілікке тартылмайды. Серіктес Компанияға келтірілген шығындарды өтеуге жауапты болады, сондай-ақ Компания сот органдарына жүгінуге құқылы болады.

3.5.2. Серіктестер «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесін дамыту үшін тек Компания ұсынған мәтіндерді, аудио- және бейне материалдарды қолдана алады.

3.5.3. Серіктестер іс-шаралар өткізу кезінде аудио- және бейне жазбалар жасауға құқылы (егер бұл компаниямен алдын ала келісілген болса), бірақ олардың әрекеттері іс-шара өткізу сапасына әсерін тигізбеуі және қатысушы адамдардың алаңдаушылығын тудырмауы тиіс. Жазылған аудио- және бейне материалдар бір данада болуы тиіс және тек жеке басының қолдануы тиіс. Серіктестердің берілген материалдардың көшірмесін жасауға және сатуға, сонымен қатар оларды Компанияның қызығушылығынан басқа мақсаттарға қолдануға құқығы жоқ.

3.6. Жаппай іс-шаралар кезінде серіктестер келесі ережелерді сақтауға міндетті:

3.6.1. Серіктестердің жиналыстары, конференциялары және басқа да жаппай іс-шаралары Компания белгілеген ережелерге сәйкес өткізілуі тиіс. Мұндай іс-шараларды өткізудің негізгі мақсаты серіктестерді «Тяньши» өнімін жылжытудың тиімді әдістері мен тәсілдерімен, сонымен қатар Маркетинг-жоспармен таныстыру болып табылады. Ұйымдастырушылар берілген іс-шараларды Маркетинг-жоспардың аясынан тыс жеке басының пайда көруі үшін немесе басқа да қандай да бір мақсаттарға қол жеткізу үшін сылтау ретінде қолданбауы тиіс.

3.6.2. «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесінің мүмкіндіктері туралы жалған ақпарат беруге және Маркетинг-жоспардың бұрмалануына, сонымен қатар іс-шаралардың мазмұны мен мақсаттарының бұрмалануына жол берілмейді. Серіктеске рұқсат етілмейді:

3.6.2.1. «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесінің іс-шарасының немесе презентациясының қандай да бір тұрғыда Компанияға жұмысқа тұрумен байланысты тәрізді әсер қалдыруға. Серіктес өзінің жеке басының тәжірибесіне негізделген мүмкін болатын кірістер туралы тек шынайы шындықты қолдануға, және мұндай кірістердің кепілділігі немесе оңай қол жеткізілетіндігі туралы түсінік қалыптастырмауға міндетті.

3.6.2.2. Компания бизнесінің мүмкіндіктерін жеке тұлғамен, «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-нен бөлек компаниямен немесе ұйыммен іскерлік қарым-қатынас ретінде жарнамалауға.

3.6.2.3. «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесінің, серіктестің немесе «Тяньши» өнімінің «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесінің Маркетинг-жоспарында белгіленгеннен басқа қандай да бір басқа бизнестің бөлігі болып табылатындығы жөнінде тура немесе жанамалап айтуға.

3.6.2.4. Іс-шараның шын сипаты туралы нақты емес ақпарат ұсынуға. Серіктес берілген іс-шараның «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесінің Маркетинг-жоспарға сәйкес мүмкіндіктеріне арналатындығын айтып өтуі тиіс.

3.6.2.5. «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесінің мүмкіндіктерінің пассивті капитал салу мүмкіндігі немесе жыл сайынғы белгіленген кіріс алу мүмкіндігі болып табылатындығын сендіруге.

3.6.2.6. Маркетинг-жоспар аясында өнімді таратуға және серіктестік құрылым құруға қарағанда басқа тәсілмен кіріс табуға болатындығы жөнінде сендіруге, әдейі иландыруға немесе әсер қалдыруға.

3.6.3. Компанияның сату және маркетинг бойынша презентациялары өткізілетін, Компанияның іс-шараларының мазмұны мен мақсаттарының кез келген бұрмаланушылығына тыйым салынады және осы Бизнес-кодекс пен Шартта елеулі түрде бұзу болып табылады.

3.7. «TIENS» БРЕНДІН ЖӘНЕ ТАУАР БЕЛГІСІН ҚОЛДАНУ

3.7.1. Егер серіктес өзінің қызметі «Tiens» фирмалық атауын, логотипін және тауарлық белгілерін қолданғысы келсе, онда Компанияның рұқсатын алуы тиіс.

3.7.2. Серіктес «Tiens» сауда белгісін, таңбашаларын, эмблемаларын және логотиптерін қолдану құқығының, сонымен қатар баспалық материалдарының дизайнының, рәсімделуінің, аудио- және бейнематериалдарының, Маркетинг-жоспардың ережелерінің және «Tiens» өнімінің «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-не тиесілі екендігін білуге міндетті.

3.7.3. Серіктеске«Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС атауына және олардың сауда белгілеріне қатысты келесі әрекеттерді жасауына тыйым салынады:

3.7.3.1. Келесі тауар белгілері бар тауарларды «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС компаниясынан тыс қандай да бір дерек көздерінен шығаруға немесе алуға және сатуға:

TIENS Tiens tiens

ORECARE Dicho SPA KARE

CILVARIS CELLĒS TIANE

3.7.3.2. Компанияның атауы бар жапсырмаларды, кеңсе жабдықтарын, визиттік карталарды және басқа керек жарақтарды немесе «Tiens» тауар белгілерін қолдануға

3.7.3.3. Қандай да бір бұқаралық ақпарат құралдарында (баспалық, электронды, теледидарға және т.б.) бизнес немесе «Тяньши» өнімінің жарнамасын өз бетінше орналастыруға немесе әлеуетті тұтынушымен жеке байланыс болмайтын басқа жарнамалау түрін қолдануға.

3.7.3.4. «Тяньши», TIENS, «Тиенс» немесе Tianshi атауын қандай да бір ұйымның немесе сауда кәсіпорнының атауы ретінде қолдануға, сонымен қатар басқа да араласу деңгейіне дейін ұқсас белгілерді, оларды көзбен және басқа қабылдау кезінде қолдануға.

3.7.3.5. «Tiens» брендінің атауын және сауда белгілерін/таңбаларын уәкілетті органдарға тіркеуге өтініш беруге, қандай да бір құқықтарды мәлімдеуге рұқсат етілмейді. Осы тармақты орындамау Шартты елеулі түрде бұзу болып табылады.

3.8. СЕРІКТЕСТІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ:

3.8.1. Серіктес оның құрылымындағы серіктестерден келіп түскен маңызды айып тағулар мен шағымдар туралы Компанияны бірден хабардар етуге, сонымен қатар іске қатысты жазбаша материалдарды беруге міндетті.

3.8.2. Серіктес өзінің қызметін жүзеге асыру барысында ҚР заңдарын және Компанияның талаптарын басшылыққа алуы тиіс.

3.8.3. Бизнес-кодекстің және Маркетинг-жоспардың ережелерін бұзатын, өнімді сату мен серіктестерді тартуға бағытталған жарияланымдар шығаруға, жарнамаларды, соның ішінде ұсынылатын өнімге және серіктестік қызметке қатысты жарнамаларды таратуға рұқсат берілмейді. Кез келген таратқыштардағы ақпарат хабарлар қағаз немесе сандық (электронды) болсада, жарнама ретінде есептеледі.

3.8.4. Серіктес Компаниямен серіктестің өзара қарым-қатынасы аясында рәсімделетін барлық құжаттарды уақытында рәсімдеуге, қол қоюға, Компанияға беруге міндетті.

3.8.5. Серіктестің сыртқы күштердің абыройын, сонымен қатар «Тяньши» өнімін жылжыту үшін және бизнеске жаңа адамдарды тарту үшін күштеп, этикалық емес әдістерді қолдануына құқығы жоқ.

3.8.6. Кез келген түрде бағалардың, сипаттамалардың (соның ішінде «Тяньши» өнімін дәрі-дәрмек немесе медикамент ретінде таныстыруға), сапасының, қасиетінің, тиімділігінің. құрамының, шығарылған жерінің, «Тяньши» өнімін қолдану әдістерінің бұрмалануына немесе басқа осындай ақпаратты таратуға жол берілмейді.

3.8.7. Серіктес бизнесте қандай да бір жоғары қамқоршының бар екендігі, қадірінің артқаны, табыстар, егжей-тегжейлі мәліметтер, сонымен қатар «Тяньши» өнімінің тағайындамасы, құндылығы туралы жалған ақпарат таратуға құқығы жоқ.

3.8.8. Серіктеске өнімді бұрмалауға және Компания көрсетпейтін қызметтерді дәріптеуге тыйым салынады.

3.8.9. Серіктес Компанияның дистирбьюторлық құрылымын «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-не тиесілі емес өнімге және көрсететін қызметке қатысты қызметін жүзеге асыру үшін қолдана алмайды.

3.8.10. Серіктестің Маркетинг-жоспар мен «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-нің басқа ынталандыру бағдарламалары аясында Компаниядан сыйақы алуға құқығы бар.

3.8.11. Серіктестің «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС компаниясын, серіктестерді немесе басқа қызмет өкілдерін төмендетуге, орынсыз айыптауға және қаралауға құқығы жоқ.

3.8.12. Серіктестер «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-мен сөз және әрекет бірлігіне кепілдік беруге міндетті және Компанияның іскерлік беделіне нұсқан келтіруге тікелей және жанама түрде мүмкіндік беретін кез келген теріс ақпаратты таратуға құқығы жоқ.

3.8.13. Серіктес теріс мінез құлқы немесе өтірік сөйлеуімен Компанияға зиян келтірмеуі тиіс және «Тяньши» бизнесі мен өнімін Компанияға зиянын тигізетін әрекеттерден қорғауға міндетті. Егер серіктестің жалған фактілер беретін, бұрмалау жасайтын және т.б. заңсыз әрекеттерінің нәтижесінде біреуге зиян келтірілсе, онда кінәлі серіктес жәбірленуші тарапқа және Компанияға өтемақы төлеуі, материалды шығындарды өтеуі, сот шығындарын қоса алғанда, моральды зиян мен басқа шығындардың орнын толтыруы тиіс.

3.8.14.Компанияның келісімінсіз «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС атынан интервьюге қатысуға немесе кез келген бұқаралық ақпарат құралдарына мақала жазуға рұқсат етілмейді.

3.8.15. Серіктеске рұқсат етілмейді:

3.8.15.1. Өзінің «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-мен тәуелсіз серіктестен басқа түрде көрсетуге, кез келген түрде Компанияның немесе «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-не қатысы бар қандай да бір басқа құрылымның штаттық емес қызметкерлері, менеджерлері, биржалық делдалдары, өкілдері, мердігерлері, лауазымдық тұлғалары болып табылатындықтарын мәлімдеуге.

3.8.15.2. Компанияға және оның лауазымдық тұлғаларына, қызметкерлеріне жаладан немесе қауіптен тұратын сөздер айтуға жол беруге.

3.8.15.3. Серіктес басқа серіктестерден немесе әлеуетті серіктестерден кеңес беруге, ақпараттық қолдау көрсетуге, серіктестік қызметті жүзеге асырғаны үшін ерекше құқықтарына ақы талап етпеуі тиіс.

3.8.15.4. «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесі мүмкіндіктерінің презентациясы жұмысқа орналастырумен байланысты екендігі туралы әсер қалдыруға;

3.8.15.5.Ешбір жағдайда тікелей және жанама түрде оларға ұсыныс берген тәлімгерін тастауға немесе басқа серіктестің құрылымына өтуге айдап салуға және арандатуға.

3.8.16. Кез келген уақытта және кез келген жерде серіктестерге «Tiens-Казахстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесінің сабақтарын қандай да бір саяси немесе діни шаралармен біріктіруге тыйым салынады.

3.8.17. Серіктес «Тяньши» өнімдерін сатып алу үшін серіктестерді, әлеуетті серіктестерді несиелік шарттар немесе қарыз шарттарын жасауға шақырмауы, күштеп көндірмеуі (сендірмеуі) тиіс.

3.8.18 Серіктес компаниямен көзделген іс-шараларға (мысалы, салтанатты конференциялар, BBS, OPP және басқа да маңызды оқиғаларға) қатысуы тиіс. Егер серіктес марапатқа үміткер болып табылатын болса, ол міндетті түрде берілген шараға қатысуы тиіс, әйтпесе Компания берілген серіктесті марапаттамауға құқылы. Осы тармақты бұзу Шартты елеулі түрде бұзу болып таблады.

3.8.19. «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-нің Маркетинг-жоспарын қате түсіндіруге және әлеуетті серіктеске «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесінің мүмкіндіктері туралы жалған ақпарат беруге тыйым салынады. Серіктестің осы тармақты орындамауы Шартты елеулі түрде бұзу болып табылады.

3.9. ТӘЛІМГЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ:

3.9.1. Серіктестік, алдымен серіктестер қатарына кіргізуді рәсімдемей тұрып, ұсынылған тұлғаға Маркетинг-жоспар мен Бизнес-кодекстің мазмұнын шынайы және толық түсіндіруге міндетті. Түсіндіру барысында жалған сипаттағы ақпаратқа, жасыруларға және адастыруларға жол бермеу керек. Тек содан кейін ғана ұсынылатын тұлғаға Өтініш/Шарт толтыруды және қол қоюды ұсыну. Түсіндіру үшін әңгімелесу барысында ең алдымен келесі тақырыптарға басымдық жасаған жөн:

– Серіктес мәртебесін алуды білдіретін, қол қойылатын Шарт;

– Маркетинг-жоспар;

– Бизнес-кодекс;

– серіктестердің міндеттері мен жауапкершіліктері;

– сыйақы жүйесі және қолданыстағы промоушен;

– «Тяньши» өнімінің ассортименті, бағалары, қасиеттері, қарсы көрсетілімдері, сапасы, қолданылу аймағы;

– серіктестің Компанияның түрлі іс-шараларына қатысуының маңыздылығы;

– компаниямен Шартты ұзарту процедурасы;

– Серіктестің «Tiens-Казахстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесінен шығу процедурасы және тәртібі.

3.9.2. Ұсынылатын тұлға немесе оның зайыбы бұрын «Tiens-Казахстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесімен айналысты ма, соны анықтау қажет. Егер ұсынылатын тұлға немесе оның зайыбы бұрын «Tiens-Казахстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесімен айналысқан болса, тәлімгер серіктеске үміткердің ID-нөмірі жойылғаннан кейін алты айлық әрекет етпеу кезеңі сақталды ма, соны анықтауға, тек содан кейін ғана ұсыныс беруді рәсімдеуге немесе ID нөмір беруге міндетті.

3.9.3. Тәлімгер келесі тәртіпті сақтауға міндетті:

3.9.3.1. Тәлімгер өзінің ұсынған серіктесін жүйелі түрде ынталандыруы және шабыт беруі, өнімді жылжыту бойынша кеңес беруі тиіс. Тәлімгер өзінің серіктестік құрылымының барлық мүшелерімен байланысты қолдауы және кез келген уақытта олардың мәселелерін шешіп, мүмкін болған келіспеушіліктердің тігісін жатқызып отыруы тиіс.

3.9.3.2. Бизнес-кодекстің және Маркетинг-жоспардың ережелеріне сәйкес тәлімгер өзінің құрылымының серіктестеріне кеңес беруі және жоғарыда аталған ережелерді толық түсінуін және орындауын қамтамасыз етуі тиіс.

3.9.3.3. Тәлімгер серіктестің Компаниямен өзара шарттық қарым-қатынасы аясында рәсімделетін барлық құжаттарды уақытында рәсімдеуге, қол қоюға, Компанияға беруге, сонымен қатар жаңадан тартылған және бұрыннан жұмыс істейтін серіктестердің берілген міндеттемелерді орындауын қадағалауға міндетті.

3.9.3.4. Тәлімгер өзінің құрылымының серіктестерін бақылауы, сонымен бірге өзінің бизнесін адал ниетпен жүргізуге және дамытуға, жоғары сапалы қызмет ұсынуға бағыттауы тиіс.

3.9.3.5. Тәлімгер «Тяньши» өнімін сатып алу тәсілдерін өзінің құрылымымен шектемеуі және серіктестерді өнімді белгілі бір жерден ғана сатып алуға күштемеуі тиіс.

3.9.3.6. Тәлімгер өнімге немесе оның сұрыпталымына ең кіші тапсырыс мөлшерін белгілемеуі тиіс.

3.9.3.7. Тәлімгер серіктестерді қандай да бір ақпараттық және анықтамалық материалдарды сатып алуға күштемеуі тиіс.

3.9.3.8. Тәлімгер серітестерді, әлеуетті серіктестерді «Тяньши» өнімін сатып алу үшін несиелік шарттар жасауға күштемеуі тиіс. Тәлімгер өзінің серіктестік құрылымының мүшелеріне мұндайға тыйым салынғанын түсіндіруі, бұдан басқа, өзінің серіктестік құрылымында осындай бұзушылықтарға (осы Бизнес-кодекстің 3.8.1 т. сәйкес) жол бермеуі тиіс. Өзінің серіктестік құрылымының мүшесінің (мүшелерінің) осы Бизнес-кодекстің 3.8.1 т. бұзғанын білген кезде, тәлімгер берілген бұзушылық туралы Компанияға бірден хабарлауға және осы серіктестің және өзінің серіктестік құрылымының кез келген басқа серіктестерінің осы тармақты кейінгі бұзуының алдын алу шараларын қолдануға міндетті.

3.9.3.9. Тәлімгер өзінің құрылымдарының серіктестеріне «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-нің ресми ақпараттық материалдарына сәйкес ақпарат беруі тиіс. Егер тәлімгердің ақпаратты дұрыс емес және қате беруі немесе серіктестерге кеңес беру бойынша бұзушылыққа жол бергендігі белгілі болса, онда тәлімгер Бизнес-кодекске сәйкес жауапты болады.

3.9.4. «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС серіктес құрылымының тұтастығын қолдау үшін барлық мүмкіндікті жасайды, және тәлімгерді өзгерту туралы кез келген өтініштерді қабылдаудан бас тартады.

3.9.5 Тәлімгердің құқығын қорғауды қамтамасыз ету және Компанияның ережелерін сақтау мақсатында серіктестердің басқа серіктестерге немесе сатып алушыға, өзінің серіктестік жеңілдігін ұсына отырып және жеке басының ID-нөмірінің деректерін ұсына отырып, өнім сатып алуды ұсынуға құқықтары жоқ. Барлық тапсырыстар тікелей Агенттік кеңседе немесе Компанияның ресми интернет-дүкенінде/ресми қосымшасында өзінің жеке серіктестік нөміріне (ID) жасалуы тиіс.

3.10. ҚҰРМЕТТІ АТАҒЫ БАР СЕРІКТЕСТЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

3.10.1. Құрметті атаққа қол жеткізген серіктес, тәлімгер мен серіктес қызметін орындау жауапкершілігінен басқа, сондай-ақ келесі міндеттерді орындауы тиіс:

3.10.1.1. Өзінің құырылымындағы серіктестерге жеке басының үлгісін көрсету, Бизнес-кодекс пен Маркетинг-жоспарды, оларға түзетулер мен өзгертулерді қатаң сақтау.

3.10.1.2. Түрлі аймақтарда тұратын өзінің құрылымының серіктестеріне кеңес беру, және оларға «Tiens-Қазахстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесін дамыту бойынша жиналыстарға және конференцияларға қатысуына көмек көрсету.

3.10.1.3. Өзінің құрылымының серіктестеріне: промонауқандар туралы, қосымша ынталандыру бағдарламалар туралы, іс шараларды өткізу мақсаттары, уақыты, өткізу орны туралы, өнім туралы, сату тренингтері туралы және «Tiens-Қазахстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнесін дамыту үшін ұйымдастрылатын басқа іс шаралар туралы маңызды ақпаратты уақытында жеткізу.

3.10.2. Өз құрылымымен белсенді жұмыс істеу және мәртебені көтеруге ұмтылуға тәрбиелеу.

3.10.2.1. Халықаралық нарықта өз бизнесін дамытып жүрген құрметті мәртебесі бар әріптес, өзінің шет елдегі құрылымындағы серіктестер үшін кемінде айына төрт рет онлайн тренингтерді өткізіп тұрады және ақыл-кеңестерді беріп тұрады. Сонымен қатар құрметті мәртебесі бар әріптес жылына екі рет ақыл-кеңестер жұмыстарымен айналысуы және өзінің халықаралық құрылымындарында онлайн тренингтерді өткізіп тұруы керек. Тренингтің не онлайн, не оффлайн өтуіне қарамастан, қатысушылар саны мен мәртебелер саны серіктестің құрылымының жалпы саны мен мәртебелер санының 30% кем болмауы тиіс. Осыған байланысты туындаған шығындарды құрметті мәртебесі бар серіктестің өзі өтейді. Егер төтенше жағдай не форс-мажор жағдай орын алуына байланыссты оффлайн тренингті өткізу мүмкін емес болған жағдайда, бұл туралы «Tiens-Қазахстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС уақтылы хабарлауы тиіс.

Құрметті мәртебесі бар серіктес өзінің шет елдегі құрылымдарына тренингтерді өткізу мен ақыл-кеңестер беру туралы ай сайын есеп береді.

Есепте келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс: іс-шараны өткізу каналы, қатысушылар саны, қатысушылар мәртебелері, іс-шараны өткізу ұзақтығы, іс-шараның мазмұыны, экранға түсіріліп алынған суреттер.

Құрметті мәртебесі бар серіктес жоғарыда аталған міндеттерді орындамаған жағдайда, Компания не онлайн, не оффлайн тренингтер өткізілмеген және ақыл-кеңестер берілмеген халықаралық құрылымдардағы көлемдер үшін берілетін сыйақыларды Компания ережелеріне сай бермеуге құқылы.

3.10.2.2. Іс шараларды белсенді ұйымдастыру және өнімді жылжытуға көмек көрсету.

3.10.2.3. «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС филиалдарына және өзінің құрылымына іс шараларды (BBS, OPP, кеңес берулер және т.б.) ұйымдастыруда көмек көрсету.

3.10.2.4. Компанияның стратегиясын белсенді жандандыру, «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС бизнес жүргізу саясатын белсенді орындау, сату нарығын кеңейту.

3.10.3. Егер құрметті атағы бар серіктестер олардың құрылымындағы басқа серіктестердің Компанияның коммерциялық қызығушылығына зиян келтіруге, немесе Компанияның оң беделіне нұсқан келтіруге бағытталған әрекеттерін байқаған болса, онда олар бірінші кезекте мұндай әрекеттерді өзінің құрылымының деңгейінде жою шараларын жүзеге асырады және бір уақытта бұл жайында «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-нің бас кеңсесіне баяндайды.

3.10.4. Компания құрметті атағы бар серіктестердің жоғарыда аталған міндеттерін орындамаған жағдайда, Компания ережелеріне сәйкес ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

ЕРЕЖЕЛЕРДІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК, ҚАДАҒАЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ АНЫҚТАЛҒАН БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ТҮЗЕТУ ШАРАЛАРЫ

4

4.1. СЕРІКТЕСТЕРДІҢ ЕРЕЖЕЛЕРДІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ:

4.1.1. Бизнес-кодекстің ережелерін бұзған, соның ішінде серіктестердің Компаниямен шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған, Компанияға тікелей және жанама түрде зиян келтірген, сонымен қатар серіктестің көрсеткен қызметінің сапасына ықпал ететін серіктестерге Бизнес-кодекспен, соның ішінде азаматтық-құқықтық кодекспен белгіленген жауапкершілік шаралары қолданылады.

4.1.2. ЖАУАПКЕРШІЛІК ШАРАЛАРЫ.

Компания өзінің шешімі бойынша тиісті серіктеске хабарлау арқылы тиісті серіктестің қызметін тексеру жүргізу уақытында тоқтатуға, сонымен қатар сыйақы төлеуді тоқтатуға құқылы.

Компания өзінің шешімі бойынша міндеттемелерден, бұзушылықтың сипатынан және салдарынан шыға отырып, бір немесе бір уақытта бірнеше жауапкершілік шараларын анықтауға құқылы:

- бұзушылықты жою талабы бар ұйғарым (ескерту).

- сыйақыны (немесе бөлігін) ұстап қалу немесе қайта есептеу түріндегі айыппұл.

- Шартты орындаудан бір тараптық бас тарту (соның ішінде оған қоса берілетін барлық құжаттардан/шарттардан), ID-нөмірін жою, мұндай бас тарту бірден күшіне енеді.

Берілген жауапкершілік шаралары оларды қолдану кезектіліген көздемейді: өзінің міндеттемелерін бұзған серіктеске Компанияның шешімі бойынша осы шаралардың бір уақытта бірнешесі де, кез келген біреуі де қолданылуы мүмкін.

4.1.3. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік шаралары қолданылған серіктеске қатысты Компания жариялылық беру әдісін таңдауға құқылы: ресми хабарлау, хабарлама және т.с.с. Компания «Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС-нің ресми интернет сайтын, ішкі баспасөз басылымын, электронды поштаны, іс шаралардағы хабарламаны және басқа да осындай арналарды қолдана алады.
Жарияланған хабарламада Компанияның ережелерін бұзған серіктестің аты мен тегі, оның ID-нөмірі, мәртебесі, ережелерді бұзу фактілері, жазалау түрлері және тағы сондай ақпарат болады.

4.1.4. Серіктестің ереже бұзғаны белгілі болған жағдайда, тікелей Тәлімгеріне және бұзушылық орын алған серіктестік құрылымдағы Тәлімгерлік желімен «Алтын арыстан» құрметті мәртебесі бар бірінші белсенді серіктеске дейін, Компанияның шешімі бойынша, серіктестің кінәсінің деңгейіне байланысты, маркетинг (ақпараттық) қызметін көрсету келісім шарты бойынша сыйақы есептелген кезде 50%-дан 100%-ға дейін мөлшерде төмендету коэффициентін қоса алғанда, жауапкершілік шарасы, іс шараларға қатысу құқығынан айыру қолданылады.
4.1.4.1 Компания жоғарыда аталған әдістермен шектеліп қана қоймайды және жауапкершілік шараларын қолдану әдістеріне және/немесе уақытына қатысты кез келген шараларды қолдана алады.

4.2. ЖАУАПКЕРШІЛІК ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

4.2.1. Расталған бұзу фактілері болған жағдайда, Компанияның 4.1.2 т. сәйкес дереу жауапкершілік шараларын қолдану құқығы бар.

4.2.2. Расталмаған бұзу фактілері орын алған жағдайда, дәл сол сияқты Компанияда үшінші тұлғаның серіктестің Бизнес-кодекстің және/немесе Компаниямен жасалған кез келген шарттардың ережелерін бұзғаны туралы шағым болатын болса, Компания тиісті тексерулер жүргізеді.

4.2.3. Компания, тергеу нәтижелері бойынша бұзу фактілері расталған кезде, бұл жайында өз міндеттемелерін бұзған серіктеске хабарлайды және осы Бизнес-кодекстің 4.1. тармағына сәйкес оған шаралар қолданады.

Серіктеске жауапкершілік шараларын қолдану туралы Компанияның шешімдерін Компанияның ресми сайтының (kz.tiens.com)/ресми қосымшасының электронды журналына немесе Компанияның басқа ресми ақпараттық ресурстарына жариялау арқылы тиісті серіктеске хабар берілді деп есептелінеді.

4.3. Серіктес өзінің заңды құқықтарын қорғау мақсатында дауды соттық реттеу үшін Компанияға өзінің наразылығын білдіре алады. Толыққанды және жан жақты қарау мақсатында Компания тарапынан комиссия тағайындалады. Дауды қарастыру мерзімі – наразылық берген күннен бастап, кемінде 3 ай. Наразылықты қарастыру мерзімі тиісті серіктестің қажетті мәліметтерді кешіктіріп беру мерзімімен бірдей уақытқа ұзартылуы мүмкін.

4.3.1.Дауды наразылық тәртібінде реттеу мүмкін болмаған жағдайда, барлық даулар Компанияның тіркелген жері бойынша сотқа беріледі.

4.4. Компанияның қадағалауы бойынша анықталған бұзушылықтарды бақылау және түзету шаралары:

4.4.1. Егер Компания қандай да бір серіктестік құрылымның бір немесе бірнеше серіктес Маркетинг-жоспардың мазмұнын бұрмалайды немесе Бизнес-кодекстің ережелерін елеулі түрде бұзады деп есептесе, онда Компанияның қадағалау жүргізуге және берілген құрылымның барлық немесе кейбір серіктестеріне жауапкершілік шараларын, сонымен қатар анықталған бұзушылықтарды түзету шараларын қолдануға құқығы бар.

4.4.2. Компания жоғарыда аталған шараларды қолданар алдында серіктеске, оған қатысты қадағалауды жүзеге асырудың және жауапкершілік шараларын қолданудың себептері жөнінде хабарлайды.

4.4.3. Егер серіктес немесе тиісті тәлімгер ескермесе немесе белгіленген мерзімде елеусіз негізде анықталған бұзушылықтарды түзету шараларын қолдана алмаса, Компанияның кейінгіде оған қатысты қадағалауды жүзеге асыруға және жауапкершілік шараларын қолдануға құқығы бар.

5.БАСҚАЛАРЫ

5.1. Компания Қазақстанның Тікелей сауда қауымдастығының (бұдан былай ҚТСҚ) қатысушысы болып табылады. ҚТСҚ қызметінің негізіне оның қатысушыларының тұтынушыларға қызмет көрсетуі кезінде этикалық іскерлік ұстанымға міндеттелуі жатады. Этика Кодексі ҚТСҚ мүшелерінің қызметін реттейтін негізгі құжат болып табылады.

5.2. Осы Бизнес–кодекс Компаниямен жасалған кез келген шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

5.3.Осы Бизнес–кодекс мәтіні бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілінде жасалған.

5.4. Осы Бизнес-кодекс оны бірінші басшы бекіткен және Компанияның сайтында және/немесе кез–келген ресми ақпарат көзінде жариялаған сәттен бастап күшіне енеді.

5.5 Компанияның кез–келген уақытта осы құжатқа өзгертулер/түзетулер енгізу және оны түсіндіру құқығы бар. Өзгертулердің/түзетулердің күшіне ену сәті оларға бірінші басшы бекіткен және Компанияның сайтында және/немесе кез–келген ресми ақпарат көзінде жариялаған күні болып саналады.

ЖАЗБАЛАР ҮШІН





Tiens

«Tiens-Қазақстан» (Тиенс-Қазақстан) ЖШС

@tienskz.official *VShare* *facebook.com/kaztiens* *vk.com/tienskaz* *kz.tiens.com*